

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Сенек ауылының әкімінің 2025 жылғы 18 ақпандағы № 08 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Сенек ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Сенек ауылы жерінен жалпы көлемі 0,0006 гектар жер учаскесін "QAZAQGAZ АИМАQ" акционерлік қоғамына орташа қысымдағы газ құбырын орналастыру және пайдалану үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Сенек ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

А.Ерболов

Сенек ауылы әкімінің
18 ақпандағы 2025 жылғы
№08 шешіміне қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
I	Сенек ауылының жері	0,0006
Барлығы:		0,0006